

Ұлыстың
ұлы күні
қай күн?



11-бет

Оразаға
жетер
құшылық жоқ,



12-бет

Мұң
торлаған
Мұғалжар



14-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№53 (30532) 20 НАУРЫЗ, ДҮЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Мемлекет басшысы дауыс берді



Суреттерді түсіріледі А. ДҮЙСЕНБЕВ, Е. УҚЫБЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында орналасқан сайлау учаскесіне барып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар сайлауында дауыс берді.


Exit-poll: Алғашқы нәтиже

Мәжіліс депутаттарын сайлау бойынша exit-poll-дың алғашқы нәтижесі жарияланды. Exit-poll әлеуметтанушыларының мәліметі бойынша саяси додаға түскен 7 партияның алтауы Мәжіліске өтті.

«Демократия институты» ғылыми-зерттеу қауымдастығы жүргізген exit-poll нәтижесінде «Аманат» партиясы – 53,46, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 10,52, «Respublica» партиясы – 8,90, Қазақстан Халық партиясы – 6,25, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 3,22, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 7,87, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы 5,31 пайыз дауысқа ие болған. Ал «Бәріне қарсымын» деген бағанды таңдағандар – 4,47%.

«Демократия институты» ғылыми-зерттеу қауымдастығы жүргізген exit-poll нәтижесін «Қазақстан» телерадиокорпорациясы өткізген «Сайлау-2023» онлайн марафонында Еуразиялық интеграция институтының өкілі жариялады.

Естеріңізге сала кетейік, Парламентке оту үшін сайлаудағы



Информацияны жасаған Әуреш СМАҒҰЛ, «EQ»

партия бес пайыздық кедергіні енсеруі керек.

Сайлаушылардың ұлттық сауалнамасына республикалық жетекші БАҚ консорциумы:

«31 арна», КТК телеарнасы, Informburo.kz және Zakon.kz порталдары да тапсырыс берген.

«Егемен-ақпарат»

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

1) 46-баптың бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бас бостандығынан айыруды:
1) қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде:
абайсызда жасаған қылмыстары үшін сотталған адамдарға;

(Жалғасы 10-бетте)

Тағдыршешті таңдау

Елімізде сайлауға қатысып, дауыс беру құқығына ие 12 032 578 адам бар екен. Ал бүгін осы азаматтардың 54, 19 пайызы, яғни 6 521 860 отандасмыз сайлау учаскелеріне барып, өз таңдауын жасаған. Сонымен, Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарын сайлау науқаны мәреге жетті. 19 наурыздағы саяси іс-шара ел тарихындағы ерекше күннің бірі болып қала бермек.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Сонымен сайлау да өтті. Таңдау жасаған күн тарихқа айналады. Ал «Кімді таңдадық? Не үшін таңдадық?» деген сұрақ

үнемі тіл ұшында тұра береді. Сондай-ақ бұл сайлау соншалықты маңызды ма деген де ой келеді. Ақиқатында, бұл сайлауда отандастарымыз Әділетті Қазақстанның бақуатты тұрмысы үшін аянбай еңбек ететін үміткерлерді таңдап алды. Таңдау

мен талғам туралы таласпайды, дегенмен көзі ашық көпшілік кандидаттарға дауыс бере отырып, елдің алдағы 5 жылдағы заң мен әділдік жолындағы дамуына деген жауапкершілікті де арқалайтыны анық.

Осы жерде Әділетті Қазақстан құру жолындағы жұмыс әріден басталғанын да айтуымыз керек. Оның егжей-тегжейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін жариялаған Жолдауында анық айтты. Өрине, уақыттың қысқалығына қарамастан, қыруар жұмыс істелді.

(Соңы 3-бетте)

Адам құқығы – басты назарда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссары Фолькер Тюркпен кездесті.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Фолькер Тюркке ілтипат білдіре отырып, оның бұл сапары Қазақстан мен БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің адам құқықтарын қорғау мәселесі бойынша тығыз қарым-қатынас орнатуға және ақпарат алмасуға дайын екенін мәлімдеді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан БҰҰ-ның негізгі конвенциялары мен хаттамаларының бәрін ратификациялады және ұлттық деңгейде адам құқықтары саласында өзара белсенді іс-әрекет механизмдері жасалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Фолькер Тюркке елімізде жүргізіліп жатқан реформалар жөнінде де айтты. Мемлекет басшысы «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын жүзеге асыру аясында қолға алынған қоғамдық-саяси жаңғыру



бастамасын былтырғы жалпыұлттық референдум мен Президент сайлауы кезінде Қазақстан халқы қолдағанын жеткізді. Оз кезегінде Фолькер Тюрк қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты және осы жылдарда адам құқықтары мәселесі бойынша ұйымның Қазақстан билігімен арадағы қалыптасқан қарым-қатынасына оң баға берді.

Сондай-ақ Жоғарғы комиссар Президенттің бастамасымен еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде жүргізіліп жатқан өзгерістердің уақтылы қолға алынғанын атап өтті.

– Мен соңғы жылдары сіздің еліңізде болып жатқан оқиғаларды бақыладым. Біз үшін азаматтардың құқықтарын қорғау мәселесі реформалардың ажырамас бөлігі болғаны өте маңызды. Өйткені елдің болашағы осыған байланысты. Әрбір елдің келешегі Біріккен Ұлттар Ұйымы мен бүкіл әлем сүйенетін іргелі қағидаттарға негізделуге тиіс деп ойлаймыз. Биыл Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қабылданғанына 75 жыл толады. Біз бұл атаулы датаны әлемде қалыптасқан қайшылықтарды енсеру мүмкіндігі ретінде қарастырғымыз келеді, – деді Фолькер Тюрк

Серіктестікті нығайту қадамы


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Ұлыбританияның Сыртқы істер министрі Джеймс Клеверлиді қабылдады.

Кездесу барысында саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Ұлыбритания министріне ілтипат білдіре отырып, екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін оның бүгінгі сапарының мәні зор және өңірлік ауқымдағы маңызды оқиға екеніне назар аударды.

«Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін береді. Мен сіздің жақында Сыртқы істер министрлігінде сөйлеген сөзіңізді тыңдадым. Онда Ұлыбританияның сыртқы саясаттағы ұзақмерзімді ұстанымы қамтылды және шын мәнінде, өте маңызды мәселелер айтылды», деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. «Біздің ынтымақтастығымыз, әсіресе экономика және саяси салаларда өте табысты деп баға



бергім келеді. Өзара байланыстарымыздың оң бағытын одан әрі ілгерілету үшін қосымша күш-жігер жұмсауымыз керек», деді Президент.

Әңгімелесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Риши Сунакқа сәлемі мен ізгі тілегін жолдады. Сондай-ақ Ұлыбритания Үкіметінің басшысын елімізге өзіне ынғайлы кез келген уақытта сапармен келуге шақырды. Бұл сапар екіжақты қатынастарды нығайтуға бағытталған бірқатар нақты мәселені талқылауға жақсы мүмкіндік беретінін атап өтті.

Өз кезегінде Джеймс Клеверли Астана мен Лондон арасындағы қарым-қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын жеткізді.

Оның айтуынша, Ұлыбритания Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформаларды оң бағалайды.

«Сіздің еліңіз – аймақтағы біздің негізгі сауда серіктесіміз. Экономикалық өсімге бағытталған жоспарды жүзеге асыру мақсатында бірлесіп жұмыс істеу үшін жақсы мүмкіндік бар екенін көріп отырмыз. Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан салық саласындағы реформалар бағдарламасы өзара тиімді экономикалық қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп ойлаймын», деді Ұлыбритания министрі.

Сонымен қатар кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джеймс Клеверли өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



Суретті түсіреді Ерлан ОМАР, «EQ»

